

Тәуелсіз Қазақстан екі әлемдік дағдарыстан зардапсыз, айтарлықтай шығынсыз өте білді: біздің мемлекетіміздің мықтылығы оның әлауатының көтерілуімен дәлелденді.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ТАЛБЕСІК



«ПРЕЗИДЕНТ
НАЗАРБАЕВ»
ҚЫЗҒАЛДАҒЫ

6-7

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 9 шілдедегі мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен
564 680

II компонентпен
339 067

адам вакцина салдырды

5

ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021



«ҚАЗАҚСТАНДА
ӨРКІМ
МАҢЫЗДЫ!»

12

ЕЛІМІЗДЕ ҰЛТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ
БАСТАЛУЫНА

52

КҮН ҚАЛДЫ

www.almaty-akshamy.kz



АҚАНАЕВТАР ӘЛЕМІ

«Almaty Gallery-де кескіндеме өнерінің хас шебері
Амандос Ақанаев әулетінің көрмесі ашылды



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Instagram-дағы өзінің аккаунтында Алматы галереясында ашылған кескіндеме шеберлері – Ақанаевтар шығармалары көрмесінің басталуы туралы айтты.

«Almaty Gallery-де кескіндеме өнерінің хас шебері Амандос Ақанаев бастаған Ақанаевтар әулетінің көрмесі ашылды. Суретшілер отбасын айтулы күнмен құттықтап, сарқылмас шабыт пен шығармашылық ұзақ ғұмыр тілеймін!», – деп жазды Б.Сағынтаев.

2

ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ!

елімізде 2021 жылғы 25 шілдеде ауыл әкімдерінің сайлауы өтеді



25 шілдеде еліміздің бірқатар өңірінде әкімдердің сайлауы басталады. Сайлаудың бұл түрі елді демократияландыруға бағытталған, халықтың талабын ескере отырып, таңдау жасау құқығын беруді көздейтін маңызды бетбұрыс болады деген үмітпен қолға алынып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында ауыл әкімдерін тікелей сайлауды

енгізудің қажеттігін айтып, маңызды бастама көтерген болатын.

Президент Жолдауын іске асыру үшін ҚР Ұлттық экономика министрлігі аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін тікелей сайлауды енгізуге арналған тиісті түзетулерді әзірледі. Ұлттық экономика вице-министрі Әлішер Әбдіқадыровтың айтуынша, 800 ауыл әкімін тікелей сайлау осы жылдың екінші жартыжылдығында, қазіргі әкімдердің өкілеттік мерзімі шыққан кезде өтеді.

(Жалғасы 2-бетте).

ҚЫСҚА-НҰСҚА

- Қазақстандықтардың 200 мыңнан астам тұрғыны зейнетақы жинағын пайдаланды.
- Қалада бір тәулікте 14 мыңнан астам адам вакцина алды.
- Абай даңғылының Яссауиге дейін созылған бөлігі биыл ашылады.
- Елімізде мектептердегі сабақ кестесін өзгерту ұсынылды.
- Мегаполистің Индустриалды аймағында жаңа инвестициялық жобалар жүзеге асып жатыр.
- Шаһарда алғаш рет бұлшықеті әлсіз балаларға арнайы препарат егіле бастады.



Бүкіләлемдік Банктің субұлттық рейтингі:

АЛМАТЫ
КӨШ БАСТАП ТҰР

Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев Алматыға инвесторларды тарту және инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі Кеңестің отырысында қаланың инвестиция, денсаулық сақтау, туризм саласындағы серіктестермен байланысты нығайтуға шақырды.

Мегаполистің инвестициялық тартымдылығын атап өткен Б.Сағынтаев Бүкіләлемдік Банктің субұлттық рейтингінде Алматының бизнесті жүргізу бойынша Қазақстанның барлық өңірлері арасында бірінші орында тұрғанын хабарлады. Ағымдағы жылдың алғашқы 6 айының қорытындысы бойынша Алматыда негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 126,5%-ға өсті және

460,7 млрд. теңгені құрады. Сондай-ақ, өткен жылдың күзінде Fitch агенттігі Алматы қаласының BVB деңгейіндегі несиелік рейтингін бекітті және инвестициялар тарту мәселелерінде оператор болып табылатын «Алматы «ӨКК» АҚ-на BVB деңгейінде несиелік рейтинг берілді, бұл инвестициялар үшін тәуекелдің төмен деңгейін көрсетеді.

ЕҚДБ-ның Қазақстандағы басшысы Агрис Прейманис Кеңестің ерекше рөл атқаратынын және бірқатар өзекті мәселелерді, оның ішінде шетелдік инвесторларды салықтық және кедендік әкімгерлеу, виза беру және кіруге рұқсат ету процедураларын, тиісті инфрақұрылымды құру, жасыл экономика қағидаттарын енгізу

және цифрландыру деңгейін арттыруға қатысты істерді шешуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

Еске салсақ, жыл басында инвестициялық ахуалды жақсарту мақсатында Алматы қаласы әкімінің өкімімен Кеңестің қызметі қайта жанданды және қатысушылар құрамы жаңарды, оған шетелдік қауымдастықтардың, сауда палаталары мен қаржы ұйымдарының өкілдері енді.

Кеңестің басты міндеті инвестициялық ахуал мен инвестициялық стратегияны жақсарту бойынша ұсыныстарды өңдеу, шетелдік инвесторлардың өзекті мәселелерін шешу болып табылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АҚАНАЕВТАР ӘЛЕМІ

«Almaty Gallery-де кескіндеме өнерінің хас шебері
Амандос Ақанаев әулетінің көрмесі ашылдыАйкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Алматы галереясының жетекшісі Наргиз Алибтің айтуынша, 1 шілде мен 16 қыркүйек аралығында ҚР еңбек сіңірген

өнер қайраткері Амандос Ақанаевтың, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Нәлли Бубәнің, танымал кескіндеме, графика, мүсін және инсталляция шеберлері Руслан Ақанаевтың, Ботагөз Ақанаеваның және Ескендір Ақанаевтың құнды туындылары көрме залына қойылған. Бұдан

өзге, суретшілер әулетінің төртінші буыны – Ақанаевтар немерелерінің жұмыстары да жұртшылық назарына ұсынылған.

Галерея «Ashyq» жобасы бойынша жұмыс істейді. Санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау маңызды.

ЖАҢА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСУДАИндустриалды аймақ резиденттерінің
жалпы саны 62-ге дейін ұлғайдыҚұралай
ЖҰМАДІЛОВА

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев пен салалық қауымдастық басшыларының қатысуымен өткен Өңірлік

үйлестіру кеңесінің онлайн-отырысында 2020-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті қолдау картасына енгізілетін жаңа жобалар талқыланды.

Алматыда 2021-2023 жылдар аралығында құны 4,1 млрд. теңгені құрайтын «Hyundai Trans

Auto» ЖШС автокөлік құралдарын өндіру зауытын іске қосу жоспарлануда. Өндірістік қуаты жылына 12 мың арнайы техника шығаруға мүмкіндігі бар зауытта 112 жұмыс орны құрылады. Сондай-ақ, кәсіпкерлікті қолдау картасы аясында «ЖБИ Гарант» ЖШС толық циклді темірбетон өнімдерін шығаратын зауыты және лак-бояу өнімдерін өндіретін зауыт «БСФ» ЖШС іске қосылады. Hyundai Trans Auto жобасын жүзеге асыру Түрксіб ауданында бұрыннан бар өндірісті кеңейтуді, ал тағы екі жоба – Алматы қаласының Индустриалды аймағында қуаттылықты арттыра отырып, қолданыстағы өндіріс орындарын көшіруді көздейді.

Сонымен қатар, ӨҮК отырысында индустриалды аймақта жалпы сомасы 19,9 млрд. теңгені құрайтын, 722 адамды жұмыспен қамтитын 8 жаңа жобаны іске асыру жөнінде шешім қабылданды. Онлайн-отырыс барысында қатысушылар индустриалды аймақ резиденттерінің жалпы саны 62-ге дейін ұлғайғанын айта келіп, жобалық құны 233,4 млрд. теңге болатын өндіріс орындарының 6990 адамды жұмыспен қамтитынын тілге тиек етті.

Аталған кәсіпорындарда жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту деңгейі жоғарылап келе жатқанын айта кеткен жөн.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА
ПЫСЫҚТАЛДЫ

Кеше Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев Мәжіліс депутаттарымен «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру мәселелерін пысықтады.

Құрамында Б.Торғаев, Ж.Сүлейменова, С.Адамбаев, А.Сарым, А.Платонов, Қ.Нуров және М.Ахметов бар Мәжіліс депутаттарының тобымен кездесті. Жиын барысында «Nur Otan» партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы, мегаполис әкімі Бақытжан Әбдірұлы қала тұрғындарын толғандыратын өзекті мәсе-

лелерді жүйелі түрде шешу барысы туралы айтты. Талқылау кезінде, «Шетсіз қала» қағидаты бойынша қалалықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жобалардың іске асырылуы қаралды. Сол бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігін арттыру туралы пікір алмасу болды. Кездесуде VII шақырылған Парламент Мәжілісінің депутаттары Б.Торғаев, С.Адамбаев, Қ.Нуров сөз сөйледі. «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасының міндеттерін жүзеге асырудың жоғары қарқынын атап өтті.

ӘКІМ БОЛ,
ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ!елімізде 2021 жылғы 25 шілдеде ауыл
әкімдерінің сайлауы өтедіҚұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Өз кандидатурасын ауыл тұрғындарының өздері де, өз мүшелерінің арасынан тіркелген саяси партиялар да ұсына алады.

Сондай-ақ, ауыл әкімдігіне кандидаттар болмаған не ұсыну мерзімі аяқталған кезде бір ғана кандидат ұсынылған жағдайда, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің жергілікті қауымдастық жиналысының келісімі бойынша екі кандидатқа дейін сайлауға қатысушы қамтамасыз ете отырып, кандидаттарды немесе өз кандидатын ұсынуға құқығы бар.

«Ауыл әкімдерінің өкілеттік мерзіміне келер болсақ, ол өзгеріссіз қалады және 4 жылды құрайды», – деп толықтырды ұлттық экономика вице-министрі.

Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын қаржыландыру жергілікті бюджет арқылы жүзеге асырылады. 2021-2022 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің қолданылу кезеңінде сайлауды қаржыландыру ОСК арқылы республикалық бюджеттен нысаналы трансферттермен жүзеге асырылатын болады. 2023 жылдан бастап бұл шығыстар жергілікті бюджеттердің шығыстар базасына енгізіледі.

Жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің кіріс көздерін одан әрі кеңейту мақсатында бюджет заңнамасына төлемдердің тағы 4 түрін жергілікті өзін-өзі басқару деңгейіне беруді көздейтін түзетулер әзірленді.

Мемлекет басшысының бастамасымен тұңғыш рет жүзеге асып отырған бұл саяси додада бірқатар өзгерістер бар. Мәселен, бұрын әкімдерді аудандық немесе қалалық мәслихаттардың депутаттары сайлаған болса, биылдан бастап ауыл басшысын халықтың өзі таңдайды. Яғни жанама сайлау үрдісі тікелей сайлауға ауысады. Биылғы сайлаудың ерекшелігі де осында. Бұл ауыл әкімін халық өзі сайлайды деген сөз.

Сарапшылардың айтуынша, сайлаудың бұл түрі елді демократияландыруға бағытталған, халықтың талабын ескеріп, таңдау жасау құқығын беруді көздейтін маңызды бетбұрыс болады деген үмітпен қолға алынды.

Десек те, ауыл әкімі болуға кімдер лайықты? Қалың көпшілік кімдердің басшылыққа келгенін қалайды? Заң тұрғысынан алғанда кімдердің әкім болуға құқығы бар?

Ең біріншіден, ел басқаруға халықтың мұңы мен жоғын жоқтайтын, тұлғалық қабілеті зор, білімімен қатар, тәжірибесі жоғары тұлғаның келгені маңызды.

Екіншіден, ауылды басқаруға лайықты тұлға, заңда белгіленген

25 жастан асқан, жоғары білімді болуы міндетті. Болашақ әкімнің сотталмағанын және жүйке ауруы мен наркологиялық ауру бойынша есепте тұрмайыны жөнінде анықтама өткізуден тыс, ел алдындағы беделі мен тұлғалық қабілеті де маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, болашақ әкім заман көшінен қалмай, өзін-өзі дамытып отыратын, ел үшін абыройлы қызмет атқара алатын Қазақстан Республикасының азаматы болуы шарт. Әкім болуға өзін-өзі ұсынған азамат та кемі екі жыл мемлекеттік қызметте немесе екі жыл жеке кәсіпорында жетекшілік жұмыс істеуі тиіс. Ал ешбір жерде ресми жұмыс істемеген азаматтар ауыл жайын жақсы білсе де, сайлауға қатыса алмайды.

Сонымен, халық шілде айында 730 елдімекеннің жаңа басшысын таңдайды. Ауылдағы ағайын алтын бесік – ауыл тағдыры таразы басы-

● КЕРЕК ДЕРЕК

Бүгінгі таңда елімізде 2253
ауылдық округ, оларға қарасты
6789 елдімекен бар.

на түсер сындарлы шақта саяси доданың көш басына бұрынғы кеңестік партиялық номенклатураның өкілдері емес, керісінше, ісіне ізі сай келетін, жаңа медианы меңгере отырып, халықтың әлеуметтік талаптарын орындай алатын әкім келгенін қалайды. Қалай болғанда да, жаңа үлгіде алғаш рет өткелі тұрған саяси науқаннан ауыл тұрғындарының күтетін басты талабы осы.

Айта кетейік, енді тура бір аптадан кейін, нақтырақ айтсақ, 14 шілде күні жергілікті уақытпен сағат 18.00-де аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің 730 әкіміне сайлауға түсетін үміткерлер үгіт-насихат жұмыстарын бастайды. Заңға енгізілген өзгертулер мен түзетулер бойынша, бұл шара 24 шілдеде сағат 00.00-ге дейін жалғасады.

Қазіргі уақытта ел өміріндегі осынау маңызды саяси науқанға қызу дайындық жұмыстары жүргізілуде. Қалың көпшіліктің тікелей қатысуымен, дауыс беруімен ұйымдастырылатын бұл жолғы саяси додадан халықтың күтер үміті зор. Сонымен қатар, оның әділ ұйымдастырылатынына сенімі мол.

Бұл ретте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын экономикалық және саяси реформалар, білім беру мен денсаулық сақтауды дамыту, цифрландыру, адамдардың құқықтарын қорғау және экологиялық проблемаларды шешу бағытта отырып өткізілуі тиіс екендігін атап өтті.



«Akimat LIVE»:

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР

«Жұмыстың басым бөлігі «Жаңа Алматыда» жүргізілуде. Қаланың ықшамаудандарына айналған бұрынғы ауылдардың тұрғындары жолдар мен тротуарлардың жоқтығы туралы бірнеше рет мәселе көтерген еді. Оны шешуді өткен жылы қолға алдық, орталықтан алшақ жатқан тұрғын аймақтарын инфрақұрылымдық жағынан қайта жаңғырту үшін бюджетті нақтыладық және қаржы бөлдік».

Б.САҒЫНТАЕВ.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алып шаһар Алматының даму динамикасы елдегі қысылтаяң шақтың кедергілеріне қарамастан, барлық бағыттар бойынша қарқынды түрде өрлеп келеді.

Мегаполистегі «Алматы–2050» даму стратегиясы жобасы қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың басшылығымен жүзеге асып жатқаны белгілі. Шаһар басшысының тапсырмалары кезең-кезеңімен орындалып жатыр. Атқарылған ауқымды жұмыстар нәтижесінде алматылықтардың тұрмыс жағдайы жақсарып, әл-ауқаты артып келеді. Шеткі аймақтарда жаңа жолдар салынып, инфрақұрылым саласы даму үстінде.



Бүгінде алып шаһар «Адамдар үшін жайлы қала» жобасына сәйкес дамып келеді. Қаланың тарихи орталығы бұрынғы келбетін сақтай отырып, жаңартылды. Тротуарлар мен жасыл аймақтар көбейтіліп, жүргіншілерге жайлы жағдай жасалды. Жол инфрақұрылымы дамып, қала халқы үшін қолайлы орта қалыптасты. Алматы әлі де дами береді. Адам танымастай өзгерген мегаполистің келісті көрінісі көптің көңілінен шығып отыр.



2020 жылы не істелді?

260 шақырым жолда жөндеу-құрылыс жұмыстары аяқталды



1. Жолдарды орташа жөндеу

- 324 көше
- ұзындығы 219 шақырым
- 20-сы жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі
- Көлік айрығы
- Өл-Фараби даңғылы-Жароков көшесі
- 30 км тротуарлардың жабыны ауыстырылды



3. Магистральды көшелер мен жолайрықтарды салу

Құрылыс жалғасуда:
3 жолайрығы

Бұқтырма көшесі – Құлжа трактісі

Сейфуллин даңғылы – Жансүгіров көшесі

Рысқұлов даңғылы – Емцов көшесі

- 3 көшені үңгілеу жұмыстары Абай даңғылы, Саин к-сі, Алатау к-сі



2. Жаңа жолдар салу

«Жаңа Алматы»: 8 шағынауданында
42,8 шақырым жол
салындыДархан-Байбесік, Алғабас-АЗТМ, Ұлжан-1, Ұлжан-2,
Өйгерім-1, Өйгерім-2, Трудовик, Шанырақ-2

4 жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі

- Солтүстік айналым-ш / а. Қарасу
- Солтүстік айналым-Шоссеяная к-сі
- Солтүстік айналым-СУ АДЕМ
- Майлин-Тоқай көшесі

ЖСҚ әзірленді:

2 көшені үңгілеу

- Төле би көшесіне Яссауи көшесіне дейін қала шекарасына дейін
- Әуезов көшесі Гоголь көшесінен Райымбек даңғылына дейін



2021 жылға тапсырмалар

360 шақырым жолдарда жөндеу-құрылыс жұмыстары аяқталады



1. Жол жөндеу

- Ұзындығы 2,2 шақырым 2 көше қайта жаңғыртылады
- «Думан» ықш. ұзындығы 27,4 шақырым 53 көше күрделі жөндеуден өтеді
- Ұзындығы 227 шақырым 225 көшеде орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі

- Жолайрықтардағы орташа жөндеу
 - Саин көшесі – Торайғыров көшесі
 - Райымбек даңғ. – Розыбакиев көшесі

- 35 шақырым тротуардың жабындыларын жөндеу жұмыстары



2. Жаңа жолдар құрылысы

«Жаңа Алматы» көшенді жоспары аясында:
8 ықшамауданда 108
шақырым болатын 415 көше
(Алатау, Түрксіб және Наурызбай
аудандары)

3. Магистральды көшелер мен жолайрықтардың құрылысы

- 4 магистральды көшеде
Абай даңғ., Саин, Алатау, Әуезов көшелері
- 3 көлік жолайрықтары
 - Бұқтырма-Құлжа трактісі
 - Сейфуллин даңғылы – Жансүгіров көшесі
 - Рысқұлов даңғылы – Емцов көшесі



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ



Биыл шілде айының бірінші жұлдызынан бастап «Ел тірегі – Елбасы» атты акциясы бастау алды. Осы іс-шара барысында 20 мың отбасыға азық-түлік себеттері таратылады. Бұл туралы «Халық» қайырымдылық қорының қамқоршылар кеңесі хабарлады.

«ЕЛ ТІРЕГІ – ЕЛБАСЫ»

20 мың отбасыға азық-түлік себеттері таратылады

Акция шеңберінде 20 мың отбасына қолдау көрсетіледі. Оларға жалпы сомасы 500 млн. теңге болатын азық-түлік үлестіріледі. Соның ішінде әр отбасына 50 килограмнан күріш, қарақұмық, ұн, макарон, өсімдік майы, бұқтырылған ет, қант-шай және кәмпіт беріледі. Азық-түлік себеттері қор бұрынан көмек көрсетіп келген отбасыларға таратылады. Олар: қаржылай қиындыққа тап болған, аз қамтылған, көпбалалы, ерекше қажеттілікке ие балалары бар отбасылар.

«Ел тірегі – Елбасы» акциясына отандастарымыз өз үлесін қосты. Көптеген

жұмыс жасалып, бірлескен күш-жігердің арқасында он мыңдаған отбасына қажетті азық-түлік жеткізілді. Бұл мүмкіндіктеріміздің шегі емес екенін білеміз!

«Халық» қорының қайырымдылық акциясы 2021 жылы бірнеше рет өтеді. Еліміздің барлық азаматы мен кәсіпкеріне үндеу – ынтымақтастықта болыңыз, шет қалмаңыз, бізге қосылыңыз. «Ел тірегі – Елбасы» акциясын қолдайық. Бәріміз біріксек, қайырымды істер артады», – деді «Халық» ҚК қамқоршылар кеңесінің төрайымы Динара Құлыбаева.

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖОБА

«ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕР МАРАФОНЫ»



Қайырымдылық адам бойындағы ең ізгі қасиеттердің бірі. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық жобасы қаламызда өз жалғасын тауып келеді. Жоба іске қосылған сәттен бастап елде сегіз мыңға тарта қайырымдылық акциясы өткізіліп, оған волонтерлар, кәсіпкерлер мен жақсылыққа жаны құштар азаматтар қатысқан. Тіпті, бұл игі істерден театрлар мен музейлер де қалыс қалмады. Оған дәлел, Қостанай облысының театрлары өз қойылымдарына халықтың әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған бөлігін, мүмкіндігі шектеулі жандарды, сонымен қатар, ҰОС мен еңбек ардагерлерін тұрақты түрде шақырды. Маусым айында қайырымдылық бастамалар аясында облыстық театрларға 300-ге тарта адам келген.

«Біздің театрда мұндай акциялар жиі өткізіледі. Көрерменіміздің белгілі бір бөлігі, 10%-на дейін – міндетті түрде атаулы әлеуметтік көмек алатын балалар, көпбалалы отбасылар, жасөспірімдер үйінен келетін жас өрендер. Сондай-ақ, біз



қалалық мүгедектер қоғамымен серіктесіп, Қостанай оңалту орталығынан да пациенттерді қабылдаймыз. Сонда емделуге немесе сауығуға келетіндер біздің қойылымдарымызды тегін тамашалай алады», – деді Қостанай облысы әкімдігінің Мәдениет басқармасына қарасты «Қостанай облыстық орыс драма театры» КМҚК әкімшісі Елена Старикова.

Театр өкілінің айтуынша, маусымда халықтың әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған тобының балалары 12 қойылымды тамашалаған. Әсіресе, Ұлы Отан соғысы туралы қойылымдар балаларды ерекше қызықтырады.

Сонымен қатар, балалар ертегілер мен облыстық Білім басқармасы және Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығымен бірге жүзеге асырылған «Дұрыс тамақтан – денсаулығыңды нығайт» жобасын да ерекше ұнатады.

Жамбыл облысында облыстық музейдің қызметкерлері тұрақты түрде экскурсиялар мен ашық есік күндерін өткізеді. Кейінгі айда қайырымдылық жобалары аясында музейде халықтың әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған тобына жататын, мүмкіндігі шектеулі адамдарға, қала мектептері мен жазғы демалыс лагерьлеріндегі балаларға, жалпы 150 адамға арнап тегін экскурсия өткізілді. Музей қызметкерлері атап өткендей, балалар мен ересектер мұндай жобаларды қуана қоштап, көрмелерді зор ынтымақпен тамашалайды.

«Таяуда ғана біз облыстық мүгедектерді оңалту және бейімдеу орталығының пациенттеріне арнап арнайы экскурсия өткіздік. Біз оларға музейдің экспозициялық залдарын көрсетіп, тарихи экспонаттарды, суретшілердің шығармаларын таныстырып, аймақтың тарихы мен мәдениеті жайында сыр шерттік.

Біз тақырыптық және шолу экскурсияларын, викториналарды, лекциялар мен шеберлік сағаттарын жиі өткіземіз. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін алдын ала белгіленген жоспар бойынша арнайы бағдарлама әзірлейміз», – дейді Жамбыл облыстық тарихи-аймақтық музейдің «Экскурсиялық-бұқаралық жұмыстар» бөлімінің жетекшісі Сымбат Мизанбаев.

Жалпыұлттық жоба осы жылдың ақпан айында басталған болатын. Жыл басынан бері марафонға 2,5 млн.-нан астам адам қатысты, нақты көмек 167 мың адамға көрсетілген. Марафонға ниет білдіруші кез келген азамат қатыса алады.

Ол үшін өзінің жақсы істерін әлеуметтік желілерде #ҚАЙЫРЫМДЫ-ІСТЕРМАРАФОНЫ #МАРАФОН-ДОБРЫХДЕЛ ресми хештегімен жариялауы керек.

**Бетті әзірлеген
Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ.**

QAZAQSTAN30



«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»

**Нұрсәулет САПАРБАЕВА,
«Jas Otan» Жастар
қанатының сарапшысы:**



– Тәуелсіздік – тамыры тереңде жатқан мағынаға ие. Бабаларымыз аңсап, сол үшін қан төгіп, жан беріскен. Мен үшін тәуелсіздік – тілімнің, дінімнің еркіндігі, сөз бен сана бостандығым. Осындай егемен, зайырлы қазақ елінде туып-өскеніме қуаныштымын. Ашық аспан астында сүйікті кітабынды оқып, жаныңа жақын ісіңмен айналысу. Таңертеңгі салқынмен жүгіріп, спортпен шұғылдану. Қалаған уақытта – қалаған жерімде болу, басқа елдермен тереземіз тең болып, соны мақтанышпен айту тәуелсіз екенінді білдіреді емес пе?!

Мемлекеттің бізге берген мүмкіндігі арқасында еліміздің ең үздік жоғары оқу орындарының бірін бітірдім. Бас қалада армандаған ісіммен айналысудамын. Елімнің көк байрағы әлемнің түкпір-түкпірінде, әр сайыстың тұңғырында көрінуі, жас таланттарымыз арқылы әйгілі болу, тұмса табиғатымызға тамсанып, басқа мемлекеттен туристердің ағылып келуі мақтаныш сезімін тудырады. Қазіргі жастар егемендіктің қандай маңдай термен келгендігін жадынан шығарып жатқан сияқты. Жастардың санасын жаңғыртып, келер ұрпаққа жеткізу біздің борыш деп санаймын.

**Күнқожа ҚАЙРУЛЛА,
жыршы, өнертанушы:**



– Тәуелсіздік мемлекет үшін де, жеке адам үшін де қай дәуірде де маңызды болған. Тәуелсіз ел ғана ұлттық мүддесін ойлап, өз болмысын, өз ерекшеліктерін сақтап, болашаққа сеніммен, зор үмітпен қарай алады, өзін барынша дамыта алады. Тәуелсіздік баға жетпес байлық, оны жас ұрпаққа маңыздының маңыздысы деп қарауды үйретуіміз керек. Әлем және халқымыздың тарихынан хабары бар әрбір адам Тәуелсіздік ұғымының қасиетті ұғым екенін біледі. Егемендігін бүгінге дейін ала алмай, азат ел болуды ғасырлар бойы армандап, тұншығып келе жатқан қаншама халықтар бар. КСРО мемлекеті ыдыраған кезге дейінгі уақытта бұрынғы патшалық Ресейге бодан болған жүзге жуық ұлттың жұтылып кеткені айтылады. Басында азаттығы жоқ ұлт өзін ұлт ретінде ұзақ сақтап отыра алмайды. Тәуелсіздік – Жаратушының елімізге берген үлкен нығметі. Халқымыздың тарихы мен мәдениетін терең тануымызға Тәуелсіздік мүмкіндік алып берді деп санаймын. Егемендік алғаннан кейін ұлттық құндылықтарымызды терең зерттеуге, дәріптеуге мүмкіндік алдық. Өнертанушы ретінде айтар болсам, көңіл аударылмаған, назарға ілінсе де кезінде тосқауыл қойылған дүниелер егемендік алғаннан кейін зерттеле бастады. Республикамыздың ішіндегі мәдени мұраларға ғана емес, шекара сыртында қалған қандастарымыз қалыптастырған мәдениетке де көңіл бөле бастадық. Осы тақырыпта біршама ізденіп, Қарақалпақстан қазақтарының музыкалық өнеріне, этнографиясына қатысты ондаған ғылыми және танымдық мақалалар мен «Жыр киесі қонған жер», «Бескала қазақтарының әндері», «Бескала қазақтарының күйлері» сынды еңбектерімді жарияладым. Біз бүгінде бұрын зерттелмеген дүниелерді зерттеп жүрген болсақ, ұлттық өнер аясының кең екенін насихаттап жүрген болсақ, бәрі де Тәуелсіздік арқасындағы жетістік деп білемін. Халқымыз өзге жұрттан тілі, мәдениеті, философиясы мен халықтық педагогикасы жоғары деңгейде қалыптасқанымен ерекшеленеді. Қазақ перзенті болғаным үшін, ұлтымның басқа халықта жоқ ерекшеліктерін қанша рет байқаған болсам, сонша рет бойымда мақтаныш сезімі ойнады деп айта аламын.



Балаларға вакцина салына ма?



Айнұр СЕНБАЕВА

Қазіргі таңда елімізде коронавируc индeтiне қарсы екпe тек 18 жастан асқан азаматтарға салынууда. Ал басқа мемлекеттерде вакцина жасөспірімдерге де салынатыны жайлы ақпараттарды көзіміз шалып қалады. Айталық, Ресейде «Спутник V» вакцинасының балаларға сыналуы туралы жаңалық көпшіліктің алаңдаушылығын туғызды. Ағзасы енді қалыптасып келе жатқан балалар мен жасөспірімдерге вакцина салу дұрыс па? Мамандар не дейді?

Коронавирус алғаш тарала бастағанда бұл вирустың балаларға аса қауіпті емес екені, көбінесе егде тартқан, созылмалы аурулары бар адамдарға аса қауіпті екені айтылды. Алайда, кейіннен вирустың жылдам мутацияға ұшырауының салдарынан жаңа штамдардың пайда болуы еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін қауіп төндіріп отыр. Бүгінде мамандар бірауыздан әлемді жайлаған бұл индеттен құтылудың бірден-бір жолы тек жаппай екпе алу екенін айтып отыр. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сұрақтарына жауап берген маман, балалар невропатологі Қайырғали Көнеев жақын болашақта балаларға вакцина салу Қазақстанда да жүргізілуі мүмкін екенін айтты.

«Балаларға вакцина салу мәселесі біздің қоғамды неге алаңдатады? Өйткені,



вакцинаның қауіпсіздігі мен тиімділігіне халық әлі де күмәнмен қарайды. Ал балалар ересектерге қарағанда әлдеқайда көп мөлшерде вакцина алады. Туғаннан бастап балаларға әртүрлі екпелер салынады. Коронавирусқа қарсы вакцинаны да балаларға сынау Қазақстанда міндетті жүргізіледі деп ойлаймын. Жақын уақытта Денсаулық сақтау министрі хаттаманы өзгертіп, балаларға да вакцина салу жұмыстарын бастауы әбден мүмкін. «Спутник V»-ді өндірушілер вакцинаның аденовирус негізінде жасалғанын айтады. Аденовирус – бұл барлық жерде таралған вирус. Жеңіл тұмау тудыратын синдром. 3-4 күнге созылады. Жеткілікті таралған инфекция аурудың созылмалы түрлерін жойып, организмнің ауыр зақымдануына жол бермейді. Тіпті, балаларға практика жүзінде іске асырылса да, қандай да бір қауіп төндірмейді деп ойлаймын», – дейді дәрігер.

Шілденің алғашқы аптасында 1682 бала КВИ жұқтырған.

Жыл басынан бері 28 267 бала коронавирустық инфекциямен ауырды, оның ішінде 54-і жаңа туған нәресте. Ал шілде айының жеті күнінде балалар арасында 1682 оқиға тіркелді. Мұндай мәліметтерді ҚР ДСМ санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрағасы Айжан Есмағамбетова баяндады.

«Бұл көрсеткіштен балалар арасында аурудың жиілегенін байқап отырмыз. Биылғы жылдың бас кезімен және өткен жылмен салыстырғанда, соңғы бірнеше айда ковид жұқтырған балалардың саны артып кетті. Балалардың басым көпшілігі жеңіл және асимптоматикалық түрде ауырғандар, олардың үлесі 84% және

Бір тәулікте 10 мыңға жуық адам вакцина салдырды

Алматыда бір тәулікте 9839 адам коронавируcқа қарсы вакцина салдырды. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы хабарлады.

Қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәлімдеуінше, 8 шілде күні 9839 алматылық вакцина салдырған. Биылғы жылдың 1 ақпаны мен 8 шілде аралығында қалада барлығы 558 104 адам вакцина алған. Вакцина алғандардың ішінде 60 жастан асқан қарт кісілер – 88 824.

Айнұр НҮРСАБЕТ.

Жалған паспорт – жазасыз қалмайды



Ақтолықн ТҰРЛЫҒАЗЫ

Еліміздің үш өңірінде екпе ектірді деген жалған паспорт сатушылар ұсталған. Бұл туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжанов айтты.

«Медицина мамандары вакциналау паспорттарын қолдан жасауға дейін жетіп отыр. Кеше ғана үш өңірде вакцинация паспорттарын сатып келген медицина қызметкерлері ұсталды. Олар іс жүзінде екпе алмаған адамдарға құжат рәсімдеп, вакцинаның көзін жойып отырған. Көріп отырғандарыңыздай, халықтың денсаулығы баяудың көзіне айналған. Ал бюжеттен бөлінген ақша желге ұшып жатыр», – деді Марат Ахметжанов агенттіктің алқа мәжілісінде.

Студенттерді қолдау акциясы

Еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындары Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың тапсырмасы бойынша ЖОО білім алушылары арасында вакцинацияны қолдау акциясын бастайды. COVID-19 индетіне қарсы екпе алған студенттер жоғары оқу орындарының мүмкіндіктеріне байланысты оқуға, жатақханаларда тұруға жеңілдіктер алып, түрлі сыйлықтарға ие болады, деп хабарлады министрлік өкілдері.

Жеңілдіктер қарастырылатын жоғары оқу орындарының ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Гумилев атындағы ЕҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Әуезов атындағы ОҚУ, Өтемісов атындағы БҚУ, Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде вакциналауды қолдау акциялары ұйымдастырылатындығы айтылған болатын. Жеңілдіктер қатарында сауықтыру шипажайларына тегін жолдамалар, тегін тамақтану және қоғамдық

Қазіргі таңда қалада 212 егу пункті бар. 1260 адамнан тұратын 308 егу бригадасы жұмыс істейді. Сондай-ақ, 40 көшпелі мобильді бригада ұйымдастырылды. «Қазіргі медициналық ұйымдарда, мектептерде, мәдениет, спорт объектілерінде, базарлар мен қаланың СОСО-да вакцинация пункті жұмыс істейді», – деп нақтылады денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі.

Агенттік төрағасының сөзінше, вакцинация паспортын жасаушылар сыбайлас жемқорлыққа ғана барып қоймай, қоғам қауіпсіздігін бұзып отыр. «Құрметті әріптестер, вакцинация туралы жалған паспорт алған адамдар аразында жүргенін, ғимаратта бірге болып, бізбен бірге көлікте кетіп бара жатуы мүмкін екенін айтқым келеді. Бұл жерде тек қана жемқорлық қылмысы жасалып отырған жоқ. Сонымен бірге, қоғамның, ұлттың денсаулығына қауіп төніп тұр. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғаса береді», – деді ол өз сөзінде. Еске сала кетсек, жыл басынан бері жалған құжаттарды дайындаған 24 дерек тіркеген. Ал өткен жылы осындай 6 қылмыстық іс қозғалды. Бұған қоса, коронавируcқа қатысты жалған хабарламаларды таратқандар арасында 103 сотқа дейінгі тергеу-тексеру жұмыстары жүріп жатыр.

көлікті пайдалану талондары қарастырылған.

Сондай-ақ, жоғары оқу орындары вакциналанған студенттер үшін шет тілдері, компьютерлік сауаттылық және кәсіпкерлік дағдыларды дамытатын тегін курстар ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Сонымен қатар, екпе салдырған кейбір университеттердің студенттері фитнес залдарына, бассейнге, театрға, кинотеатрға және концерттерге тегін бара алады. Вакцина алған оқытушылар қосымша ақы немесе ақылы демалыс ала алады. «Бұл акция біздің азаматтардың санасын оятуға көмектеседі деп сенеміз. Біз бірлесе отырып, қауіпті вирусты жеңе аламыз және карантин мүмкіндігінше тез аяқталады деп үміттенеміз. Басқа жоғары оқу орындарын да вакцинацияны қолдау үшін ынталандыру шараларын ұйымдастыруға шақырамыз», – деді Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ергалиев.

Кімге екпе алуға болмайды?

Бүгінде көпшілік бұрыннан бар болмашы ауруларын алға тартып, екпе салдырудан жалтарады. Шындығында, екпені кімдерге алуға болмайды?

Мамандар иммундық терапия қабылдап жатқан науқастарға, онкологиялық есепте тұрғандар мен жүкті әйелдерге екпе салуға болмайтынын айтуда. Дәрігердің медициналық анықтамасы осы топтағы адамдарға беріледі. Бұл құжат аллергиясы бар жан-дардың бәріне бірдей үлестіріле бермейді. Коронавирусқа қарсы екпені тағы кімге алуға болмайды?

– Иммундық терапия қабылдап жатқан науқастар, онкологиялық науқастар, жүкті әйелдер, есептік жүйеде тұрған науқастар болсын, міндетті түрде ВКК анықтама береміз. Оған учаскелік дәрігер, емдеу дәрігері және ем жөніндегі орынбасар қол қойып береді. Учаскелік дәрігер келген адамның аты-жөнін бөлім меңгерушісіне ежелуі мүмкін. Бөлім меңгерушісі порталдан қарайды, егер сонда болса ғана, учаскелік дәрігерге рұқсат береді, – дейді жалпы тәжірибелік дәрігер Айдана Аязбекқызы.

– Жүктілік әлі жоқ, бойына бала бітпеген

әйел бірінші вакцинаның екі компонентін де алып, содан кейін ғана жүктілікті жоспарласа болады. Себебі, қазір жүктілердің арасында коронавируc көп тарап жатыр. Одан кейін туған балаларда да вирус оң нәтиже беріп жатыр. Ал маусымдық аллергиясы бар адамдар міндетті түрде дәрігермен кеңесу керек, – дейді дәрігер.

Аллергологтар болса, аллергиясы барларға ауруынан айыққан соң міндетті түрде вакцина алу керектігін айтады.

– Вакцина егілген адамда коронавируcқа қарсы антиденелер өте жақсы қалыптасады. Яғни ауру жұқтыру ықтималдығы төмен. Қазір вирус мутацияға ұшырап, қауіп сөйілмей тұр. Үнді штаммының тез жұғатынын айтып жатырмыз. Мүмкіндігінше вакцина салдырып, антидене қалыптастыру қажет. Жалпы әр адам өз денсаулығы үшін алаңдауы керек. Мамандар ұжымдық иммунитет қалыптасып, коронавирустан құтылар жол жоқ деп отыр. Сондықтан бұл дерттің жойылуына әр адам вакцина алу арқылы үлес қоса алады, – дейді аллерголог-иммунолог Рафаил Розенсон.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

«Мен екпе алдым!»



Ризат МАХАШЕВ, джигу-джитсудан спорт шебері, Азия ойындарының жүлдегері:

– Былтырғы жылы вирустың есерінен біршама адамдар өмірден өтіп кетті. Ол кісілердің қиналысын, оның жақындарына қаншалықты ауыр тигендігін көзіміз көріп, құлағымыз естіді. Ел болып аурудың алдын алу мақсатында карантин талаптарын орындадық. Ұй

жағдайында жаттығуға кірістік, онлайн түрде жұмыс жасадық. Қашықтан білім алдық. Алайда, мұның бәрі бұрынғы жаймашуақ өміріміздің орнын баса алмады. Сондықтан да былтырғы жылымыз қайталанбас үшін көпшілікпен бірге екпенің екі компонентін ектірдім. Екпеден кейін ешқандай ауырсыну жағдайлары байқалмады. Керісінше, өзімді сергек, қорғаныста жүргендей сезіндім. Менің ойымша, үкіметтің қала тұрғындарын тегін вакцинамен қамтамасыз еткені үшін алғыс білдіруіміз қажет. Себебі, коронавирустан сақтанудың жалғыз әрі тиімді жолы – вакцина алу деп ойлаймын.



Әлият ЖУСКЕН, қала тұрғыны:

– Қарапайым күнделікті өмірде, әртүрлі адамдармен қарым-қатынаста болғандықтан, екпенің біз үшін маңызы үлкен. Жасымыз 50-ден асқандықтан, кішкентай қан қысымымыз көтерілсе, мазамыз кетеді. Ал қауіпті вирусты жұқтырып, өмір сүруіміз күрт нашарлап

кетсе, жұбайыма, балаларыма ауыр тиетіндігі сөзсіз. Сол себептен, вирустан өн бойымызды қорғау үшін екпені денемізге ектіріп, вирусты түпкілікті жойып, бұрынғыдай беймарал қызыққа, ойын, думанға толы өмірімізге оралсақ деген ниеттемін. Қазір шілденің шіліңгір ыстығында қоғамдық көліктерде бетперде тағып, арақашықтықты сақтап жүрген халықты көріп, барлығының дерлік индетпен күресуде аса жауапкершілік танытып жатқанына қуанамын.

Әзірлеген А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Естеріңізде болса, оңтүстік астанада «Көктем көркі – қызғалдақ» деген атаумен қызғалдақ фестивалі өткен болатын. Фестивальде қызғалдақтың жаңа «Президент Назарбаев» сұрпы таныстырылды. Бұл қызғалдақтың жаңа түрін голландық селекционер Жан Лайтхард өмірге әкелді. Гүлдер алдымен Нұрсұлтан Назарбаевқа Нидерландта өткен Ядролық қауіпсіздік саммитіне қатысқан кезінде таныстырылған еді.

Аталған сұрыптың ерекшелігі сол – ол өте ірі және қызғылт ақпандақтары бар. Бойының биіктігі 70 сантиметрге дейін жететін гүлдер көктемнің үш айында да гүлдеп тұрады.

«Жас натуралистер станциясы» МКҚК директоры Зейнеп Аришеваның айтуынша, «Грин Ланд» компаниясы «Президент Назарбаев» қызғалдағының 10 мың баданасын сатып алып, Қазақстанға жеткізген. Гүлдер Алматыдағы Орталық мәдениет және демалыс саябағында және Алматы қаласындағы Тұңғыш Президент паркінде өсіп тұр. Оның айтуынша, голландық селекционерлер, сондай-ақ «Қазақстан Республикасы» сұрпын да жасаған. Аталған қызғалдақтың гүлдері бокал тәрізді және аса ірі болып келеді.

Алдағы уақытта қызғалдақ гүлінің санын едәуір арттыру көзделген. «Қазақстан – қызғалдақтың отаны» болып саналатынын ғалымдар ғылыми еңбекте де дәлелдеген және Елбасы өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында да ерекше атап өтті. Қазақстан жерінен алғаш рет дала қызғалдақтары XVIII ғасырда түрік падишахтары арқылы Түркияға, одан әрі Австрия мен Голландияға таратылды. Қазіргі кезде Голландия елі қызғалдақтың түрлі сорттарын шығаруда. Елбасы Н.Назарбаевтың мақаласы шыққаннан кейін Голландияда 3 түрлі сортты қызғалдақтың түрі дайындалды.

«ПРЕЗИДЕНТ НАЗАРБАЕВ» ҚЫЗҒАЛДАҒЫ





ГОЛЛАНДИЯҒА «ҰЗАТЫЛҒАН» ҚЫЗҒАЛДАҚ



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Бүгінде қызғалдақ туралы сөз қозғалса, көкжиегі түрлі-түсті гүлдерге толған Голландияны еске аламыз. Шын мәнінде, қызғалдақтың «тарихи отаны» асқақ Алатаудың баурайы екені ғылыми тұрғыда дәлелденген. 10 млн. жылдан астам уақыт бұрын Тянь-Шань тау етегінде бас киім пішіндес ерекше

әдемі гүл пайда болған. Осы жерден бастау алған қызғалдақ гүлі бүкіл әлемге таралды. Қазіргі таңда әлемде қызғалдақтың 3000-нан астам түрі кездеседі. Олардың басым бөлігі – қазақстандық қызғалдақтардың ұрпақтары.

Алматыдан бастау алған қызғалдақтар батысқа жиі ұзатылған. Алдымен Персияда, кейін Түркияда ерекше гүлдер егіле бастады. Түркияда олар алғаш рет кәсіби түрде

таңдалды. Онда қызғалдақтарға «лале» деген атау берілген. Осыдан кейін түрік елінде «Лале» есімі жиі қойылып, танымалдыққа ие болған. Еуропаға қызғалдақ тұқымы алғаш рет 1554 жылы әкелініп, «Вена» дәрілік өсімдіктер бағына отырғызылған. Ал «қызғалдақтар елі» атанып кеткен Голландияға ерекше гүлдер 1570 жылы аяқ басқан. Осы кезден бастап Еуропада нағыз «қызғалдақтар маниясы» басталады.

Қызғалдақтар туралы қызықты деректер

1. Қызғалдақтың кең таралған «тюльпан» атауы «тюрбан» деген сөзден шыққан. Мұндай атау гүлдің сырт пішіні бас киімге ұқсас болғандықтан және түріктер бұл гүлдермен тюрбан безендіргендіктен берілген.
2. Түркияда және басқа да ислам елдерінде қызғалдақ – үйлесімділік пен рухани құндылықтың символы болып саналып, оған үлкен мистикалық мән беріледі. Осман империясы кезінде Түрік жауынгерлерінің қару-жарақтары қызғалдақтардың суреттерімен безендірілген. Мұндай сурет жауынгерді жаракат пен өлімнен қорғайды деген сенім ұялатқан.
3. Араб әліпбиінде «қызғалдақ» сөзінің жазылуы «Алла» сөзімен сәйкес келетіндіктен, қызғалдақ – Тәңірдің гүлі деген мағынаға ие. Сондықтан көптеген ислам елдерінде қызғалдақтың бейнесін сәулет ескерткіштерінен және қабірлерден кездестіруге болады екен.
4. XVII ғасырдың ортасында Нидерландыда қызғалдақ гүлдері қымбат бағаланған. Мысалы, бір қызғалдақ шамының бағасы орташа айлық табысы бар тұрғынның жалақысынан 10 есе көп, бай қол-

өнершілердің жылдық табысына теңелген. Нидерланды елінде қызғалдақ әлі күнге дейін байлық пен өркендеудің символы саналады.

5. Голландия елінде жыл сайын сәуір айының соңына қарай «гүлдер шеруі» өткізіледі. Мұндай мереке Түркияның Стамбул қаласында да өткізіледі. Аталған шара наурыз айының аяғы мен сәуірдің соңына дейін жалғасады екен. Онда қызғалдақтардың әртүрлі сорттары назарға ұсынылады. Мереке уақытында қызғалдақтардың әдемілігін көруге шет елден қонақтар арнайы келеді екен.


Қазақстанда өсетін қызғалдақ түрлері

Бүгінде елімізде қызғалдақтың 35 түрі өседі. Олардың 18-і «Қызыл кітапқа» енгізілген. Бір өкініштісі, оның сирек кездесетін түрлері жойылып кетіп жатқан көрінеді. Оның себебі – қызғалдақтар өсетін орындарға адамдар жиі баратын болған. Осы тұста Қазақстанда кездесетін қызғалдақ түрлері мен тарихына тоқталып өтсек.

Грейг қызғалдағы – қазақстандық қызғалдақтың бұл түрі алғаш рет Қаратау тауларында бой көтерген. Атауы Ресей бағбандар қоғамының президенті Самуэль Алексеевич Грейгтің құрметіне қойылған. Гүлдің бұл түрі XIX ғасырдан бері жиі өсіріліп келеді. Одан қызғалдақтың екі жүзден астам элиталық сорттары алынған. Грейг гүлі Қазақстанда «Қызыл кітапқа» енгізілген. Сондықтан қызғалдақтың бұл түрі Ақсу-Жабағылы қорығында, Жамбыл облысындағы Берқара ботаникалық қорығында және Оңтүстік Қазақстан облысындағы тағы бір мамандандырылған «Красная горка» қорығында қорғауда тұр.



Борщов қызғалдағы да елімізде «Қызыл кітапқа» енген. Оның атауы гүлді алғаш рет тапқан орыс ботанигінің құрметіне қойылған. Қызғалдақтың бұл түрі Байқоңыр өңірінде өсіріледі. Борщов қызғалдағының ерекшелігі – құмды және сазды-құмды шөлдерде бой көтереді.



Шренк қызғалдағы Қазақстанның солтүстік аудандарында ғана өседі. Себебі, бұл гүл салқын ауаны жақсы көреді. Аталған сорт Грейг қызғалдағы сияқты қызғалдақтың көптеген заманауи сорттарының негізін қалаушы болып табылады. Алайда, шренк қызғалдағы Қазақстанның ғана емес, Ресейдің де «Қызыл кітабына» да енгізілген. Сондықтан қызғалдақтың осы түрінің шамдарын жинауға қатаң тыйым салынады.



Сондай-ақ, елімізде Альберт (екі гүлді қызғалдақ), Зинаида, Кауфман, Колпаковский, Королкова, Лиманновский, Островский қызғалдақтары мен кеш гүлдейтін қызғалдақ түрлерін де кездестіруге болады. Біздің еліміз әлі де қызғалдақ түрлеріне бай өлке болып саналады.



БАЛАНЫ АТА-ӘЖЕСІНЕ БЕРУ ДҰРЫС ПА?



Айым
НҰРМАН

Қазақ отбасында әдетте тұңғыш бала ата-әжесіне тән. Бұл – бұрыннан келе жатқан үрдіс. Алайда, баланы ата-әжесіне түбегейлі берудің дұрыс та, бұрыс та тұстары бар.

Ата-әжесіне тән болып өскен бала еркін де ерке болып өсетіні белгілі. Өйткені, оның тіреуі, жақтаушысы мықты, ешкім бетінен қақпайды. Балалыққа салынып бірдене бүлдірсе де, араша түсетін сүйеуі бар. Тапқанының бар жақсысын сол немересінің алдына үйіп-төгіп отырады. Бірақ мұндай қамқорлықтың да шегі бар. Алдын алмаса, баланы бассыздыққа, тым тәлпіштікке апаруы мүмкін. Есеюге асықпаған бала тіршілікке епсіз, тым ерке, шолжаң болып өседі. Ал мамандардың айтуынша, баланы үш жасына дейін анасынан мүлдем ажыратуға болмайды. Бала анасы арқылы әлемді танып, айналасына деген мейірімі оянады.

Ал бөлектеген жағдайда, оның әсері кейін баланың өмірінде көрініс табуы мүмкін.

Мысалы, Алматы қаласының тұрғыны Ескендір Бестай – тұңғышын ата-әжесіне берген тұрғындардың бірі. Өзі өте сауатты, жақсы қызметте жұмыс істейді. Десе де, жаңадан үйленген шақта аяқтан тұрып алғанша солай жасауға мәжбүр болғанын, әлі де бұл ісі үшін өкінетінін айтады.

«Менің өмірдегі ең үлкен қателігім – үлкен ұлымды ата-әжесіне беруім. Соның салдарымен әлі де күресіп келеміз. Тұңғышымды қазір қолыма алғаныммен, қарым-қатынаста басқа балаларыма қарағанда едәуір айырмашылық байқалады. Мысалы, ата-анасымен ділдік байланыстың болмауы, анасына қайнысы сияқты қарым-қатынасы, ойын ашық айтып, сырласа алмауы сияқты кедергілер бар», – дейді төрт баланың әкесі Ескендір Бестай.

Дегенмен, ол үлкендердің тәрбиесінің жақсы тұстарын да жоққа шығармайды. Баласының сөз саптауы дұрысталып, ойы тереңдей түскенін байқаған. Әрі ол бұл мәселені шешуде екі жақты да ренжітпей мәмілеге келуді насихаттайды. Оның ойынша, жауапкершіліктің басымдығы әкелер қауымына түседі. Баласына да, әкешесіне де дұрыс шешімді жеткізе білу сауаттылықты талап етеді.



МАМАН ПІКІРІ

Елжас ЕРТАЙ,
педагог:

АТА-АНАНЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРА АЛМАЙДЫ

Ата-әженің отбасында, баланың өмірінде өзіндік орны мен атқаратын функциясы бар. Ал егер ата-әже ата-ананың рөлін алып, орнын басқысы келсе, баланың болашақ өміріне тек зияны тиеді. Мысалы, жаңа туған баланы анасының қойнынан алып қоятын, қолына алса, еркелетсе қабақ түйетін, «әке», «ана» деп атамауға үйрететін ата-әжелер кездеседі. Мұндай әрекеттер баланы әкешесінен алыстатып жібереді. Баланың өмірінде ата-әжесі мен ата-анасы екі бөлек ұғым, екі түрлі фигура екенін мойындау керек. Әр бала өз ата-анасының қасында өсуі тиіс. Ата-әже қанша тырысса да, қамқорлығын жаудырса да, туған әке-шешесінің орнын толтыра алмайды.

Кейбіреулер қазақтың маңдайына біткен Абай мен Шоқанды, дүйім жұртты дүр сілкіндірген Димашты әжелері тәрбиелеген деп, бұл үрдісті ұрандатуға тырысады. Бірақ бұрын жағдай басқаша деңгейде болғанын ескерген жөн. Ол кезде ауызбен кемпір-шалдың баласы болғанымен, бәрі бір шаңырақта, бір аулада тұрды. Әке-шешенің махаббатына тойып, ата-әженің де тәрбиесіне сусындап өскен бала озық ойлы болып өсетіні анық. Ал қазіргі жағдайда, көбіне әке-шешесі қалада, ал бала ауылда ата-әжесінің қолында. Бұл – баланың даму процесіне кері әсерін тигізетін жағдай.

Гүлжанат СЕМБАЙ,
студент:

ҚОҒАМ АТА-ӘЖЕ ТӘРБИЕСІНЕ ЗӘРУ

Мен ата-әжемнің тұңғыш немересімін. Ауылда сол кісілердің тәрбиесін алып, ата-әжеге тән болып өстім. Ашақ өскендіктен болар, ата-анамды аға, тәте деп атап үйреніп кеткенмін. Қоғамда ата-әженің тәрбиесін көрген, солардың бауырында болған бала басқаша болады, әке-шешесіне бағынбай кетеді деген түсінік қалыптасқан. Мен бұл пікірмен келіспеймін. Керісінше, көпті көрген үлкендердің тәрбиесін алғанымға қуанамын. Ата-әжем мені кішкентайымнан өздерімен той-жыыннан қалдырмай, ертіп жүретін. Даналыққа толы, салмақты әңгімелерін

тыңдап жүріп-ақ, бойыма көп жақсы қасиеттерді сіңіріп, ерте есейдім. Соның әсерінен болар, қазір маған жастарға қарағанда, егде жастағы адамдармен әңгіме-дүкен құрып, араласып кету оңайға түседі. Өмірде жасаған әр қадамымда әжем мен атамның айтқан ақылдары құлағымда жаңғырып тұрады. Қыздың тәрбиесіне қырын қарамаған қазақ қоғамы үшін ата-әженің тәрбиесі ешқашан маңызын жоғалтпайды. Себебі, ата-әже тәрбиесі – бала үшін таптырмас тәрбие мектебі. Ата-әжесінің қолында өскендер өз ата-анасынан алыстап, бөтенсіп қалады дейтіндер бар. Үлкендер өз немересін ешқашан туған әке-шешеден ашақтатпайды. Керісінше, олар сені дүниеге әкелді деп санасына құйып өсіреді. Өзімді ата-әжем асыл дініміз бен салт-дәстүрімізді сабақтастыра тәрбиеледі.

СЕНБІЛІК САУАЛНАМА

Балалы қонаққа қалай қарайсыз?

Гүлмира БИҒАЛИҚЫЗЫ,
журналист:

ЕҢ ДҰРЫС ӘРІ ҚАУІПСІЗ ОРЫН – ӨЗІҢІЗҮЙІ



Мен қонаққа бала ертіп баруға қарсымын. Өйткені, қонақта дастарханда отырарсыз, сөз сөйлейсіз. Соның бәрінде бала жұрттың мазасын алуы мүмкін. Баланы апарғасын, оған алаңдап отырарсыз. Емін-еркін отыра алмайсыз.

Өйткені, қонақта бала басқа балалармен тіл табыса алмай, төбелесіп қалуы мүмкін, бірнәрсе жеп қоюы мүмкін. Сіз оның қасында үнемі отыра алмайсыз

ғой, шақырған жерде дұрыс отырмау да әдепсіздік. Сондықтан балаларды түрлі қауіп-қатерден сақтау үшін оны үйде сенімді адамның жанына қалдырып кеткен жөн. Баланың шулайтыны тағы бар. Оны да көпшілік жақтыра бермейді.

Қазіргі жағдайда, яғни пандемия жағдайында балаларды үйде оқшаулап ұстаған жөн. Бала қаншалықты ақылды, байсалды болғанмен, оның қонақта іші пысып, жалығып кетуі мүмкін. Сондықтан алдымен, баланың пікірін сұрау керек. Меніңше, балаға ең дұрысы әрі қауіпсіз – үйде, сенімді адамның жанында қалуы.

Мәншүк БЕКБОСЫН,
тілші:

ҚОНАҚҚА АПАРУ – ТӘРБИЕНІҢ БІР ТҮРІ



Балаларды қонаққа алып баруға қарсы емеспін. Бірақ бұл жерде шақырған үй иесінің пікірі маңызды. Сол үйде баланың бар-жоғын ескеру керек. Қазірде көпшілік қонақ шақырғанда, балаларға бөлек отыратын орын дайындайды. Егер солай қарастырылған болса, қонақтан қалдырмауға тырысамын. Балаларды өзімнен алып жүретін себептің бірі – бала өзін ортада ұстауды үйренеді, көпшіл болады. Жақсы кісілерден жақсы әңгіме естиді. Бұл да тәрбиенің бір түрі.

Десе де, әр нәрсенің өз реті болады. Соған сай, апаратын жер болады, апармайтын жер болады. Ал егер жөректегі бала болса, бармауға тырысамын. Ол өзінді де, өзгені де әбіржітеді.

Айдана МҰХТАРҚЫЗЫ,
дәрханашы:

БАЛАМДЫ ЖАҚТЫРМАҒАН ҮЙДЕ МАҒАН ДА ОРЫН ЖОҚ

Менің түсінігімде, «менің балаларымды жақтырмайтын үйге мен де бармаймын» деген нәрсе бар. Рас қой, балаларым барын, оларды қалдыратын жерім жоқ екенін біле тұра, маған қалай «балаларсыз кел» дейді. Мені танитындардың көпшілігі мені балалармен шақырады.

Өйткені, қонақ боп жүрген үйлердің көбісінде балалары бар. Бір жағынан, балалар бірге ойнайды, екінші жағынан, қонаққа бару этикасын үйренеді. Қазір баяғыдай «балалар дастарханның басына келмеу керек, қонақтың үстіне кірмеу керек» деген нәрсе жоқ. Оны да дұрыс деп ойлаймын. Бала үлкендермен бірге отырмаса, олармен қалай қарым-қатынас жасау керектігін қайдан біледі? Үлкендердің жақсы әңгімесін, ақылын қайдан естиді?

Сәл үлкендеу балалар анау-мынау салып беріп, құйып беріп, қызмет жасауды үйренеді. Меніңше, осының бәрін қонақ арқылы дастархан басында ғана үйренуге болады. «Мың айтқаннан – бір көрген жақсы» деген бар. Қазірде балаларға бірнәрсені көрсетсең, олар оны ұмытпайды. Сондықтан қонаққа барудың да балаға берері бар.



Әзірлеген Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ.



РЕДАКЦИЯҒА СОҒЫЛҒАН ҚОҢЫРАУ

ӨЗГЕ КӨЛІКТІ ЖҮРГІЗГЕНДЕ САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ КЕРЕК ПЕ?

**ЕЛДОС,
қала тұрғыны:**
– Менің көлігім шетелдік. Мен оны сенімхат арқылы жүргізіп жүрмін. Маған сақтандыру шартын жасау керек пе? Жасамаған жағдайда айыппұл салына ма?

– Елге шет елдерден көлік кіргізіп, оны сенімхат арқылы жүргізіп жүргендер көбінесе сақтандыру шартын жасау көлік иесіне ғана керек деп ойлайтын көрінеді.

Егер жалдамалы жүргізушілерге немесе көліктің иесі оны жүргізуге рұқсат беріп, өзі жанында отыратын болса, сақтандыру шартын жасаудың не сақтандыру полисін алудың қажеті жоқ. Тек техниканың иесінде ғана сақтандыру болуы керек. Ал сенімхат арқылы жүргізетіндер

не істейді? Жоғарыда аталған сақтандыру туралы заңда «көлік құралының иесі – көлік құралын меншік құқығымен, шаруашылық жүргізу құқығымен немесе жедел басқару құқығымен не кез келген басқа да заңды негізде (мүліктік жалдау шартымен, құзыретті органның көлік құралын беру туралы өкіміне орай және басқаша) иеленетін жеке немесе заңды тұлға» деп жазылған. Мұндағы басқа да заңды негіз дегеніміз, сенімхат рәсімдеу болып саналады.

Сондықтан көлікке сенімхат (қай елде берілгені маңызды емес) арқылы иелік еткен азаматтарға сақтандырусыз көлік басқаруға, нақтырақ айтсақ, заң бойынша сақтандырусыз көлікті «жолмен, сондай-ақ оларға іргелес салынған және көлік құралдарының қозғалысына пайдала-

нылатын аумақтарда жүру үшін пайдалануға болмайды».

Әкімшілік кодекстің 230-бабы, 2-тармағы бойынша Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес міндетті сақтандыру шартын жасасуға міндетті тұлғаның міндетті сақтандыру шартын жасаспауы жеке тұлғаларға – 10, лауазымды адамдарға, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 160, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 400, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 1000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Полицейлер бұл заңды бұзғандардың көлігін айып тұрағына жіберуге құқылы.

АВТОЖАҒАЛЫҚТАР

Дауыс зорайтқыш орнатқандарға айыппұл салынды



Жыл басынан бері Алматы жолдарында көліктеріне дауыс зорайтқыш орнатқан 705 жүргізуші ұсталды. Қала тұрғындарының мазасын алып, шаһардың шырайын бұзған көлік иелері бұл әрекеттеріне айыппұл арқалаған. Жергілікті полиция қызметі мәлім еткендей, әуесқойлар күн жылынғанда белсенді бола бастайды. Көлік жарыстарының алдын алу үшін патрульдік полиция автоәуесқойлардың жиналатын орны мен жарыстарды ұйымдастырушыларды бақылауда ұстайды.

51-орында тұр



Көлік кептелісі бойынша әлемдегі ең қолайсыз елдердің рейтингінде Қазақстан 85 елдің ішінен 51-орынға ие болды. Елдің трафик индексі 128,37 құрады. Көрсеткіш жұмысқа баруға кеткен уақытты, жол қозғалысындағы CO2 шығынын және бүкіл әлемдегі жол қозғалысы жүйесіндегі жалпы тиімсіздікті бағалайды. Рейтингке сәйкес Қазақстанда тек жұмысқа баруға кететін орташа уақыт 33,64 минутты құрайды. Ал CO2 индексі 4040,36 құрады. Көлік кептелісі жағынан қолайсыз елдердің рейтингін Нигерия, Коста-Рика және Кения бастап тұр. Ал ең соңғы орындарда, яғни көлік қозғалысы жағынан ең қолайлы елдер тізімінде Дания, Эстония және Австрия жайғасқан. Оларда жұмысқа бару уақыты 25 минуттан сәл асады. Айта кетсек, 2021 жылдың қаңтарында Қазақстанның көлік-логистика саласына 26,6 млрд. теңге салынды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 33 пайызға артық.



Электрлі самокат жылдамдығы шектеледі

Ресей билігі қала аумағында электрлі самокат жылдамдығына шектеу қойды. Оны алғаш тізгіндеген адамдарға тіпті баяу қозғалуға кеңес берілді. Одан бөлек, қос дөңгелекті көлікке алғаш мінгендердің тәжірибе жинауына мүмкіндік беретін арнайы алаңдар жасау туралы ұсыныс

айтылды. Шенділер самокатқа шам іліп, қараңғы уақытта онсыз жүруге тыйым салуды да көздеп отыр.

Электрлі самокат иесі жылдамдығын 25 шақырымнан асырмауға тиіс, ал тротуармен қозғалса, сағатына 7 шақырымға дейін бәсеңдетеді.

Аэротаксилер қызмет етеді

Францияда 2024 жылы өтетін жазғы Олимпиада ойындарына аэротаксилер қызмет көрсететін болады. Өуе көлігі Ле-Бурже әуежайына алғашқы сапарын орындады. Ұшу кезінде бортта адамдар болған жоқ.

«Екі орынға арналған электрлі аэротаксиді тізгіндеу қиынға соқпайды» дейді мамандар. Көлік автономды түрде жұмыс істейді. Алайда, бастапқы кезде кәсіби ұшқыштарды жұмылдыратын болады.

Ferrari – киім шығарады

Ferrari спорттық автомобильдерін шығаратын итальяндық компания өзінің киім желісін іске қосып, мейрамхана ашты. Ерлер және әйелдер киімдерінің алғашқы коллекциясы Маранелло қаласында көрсетілді. Шығармашылық директор ретінде

бұрын Armani-мен жұмыс істеген Рокко Ианноне шақырылды. Коллекцияға балалар киімі де кірді. Киімдерге Ferrari үшін дәстүрлі саналатын қызыл және сары түстері қолданылған. Жаңа коллекция жылына бір рет ұсынылады.

ӘЗІЛ

**Жол
полицей қызметкері адамға
толы дэжипті тоқтатып, ішінен шыққан
адамды санайды:**

– Жігіттер, дэжипке 5 немесе 7 адам отыруға болады. Бірақ 16 болып қалай сыйып отырсыңдар? – деп сұрайды.

Ішіндегі біреуі:

– Артқы терезеде «TOYOTA LAND CRUISER 4X4» деп жазылып тұр емес пе? Ендеше, 16 адамға неге таңқаласыз? – деген екен.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Робот-ит ғаламшарға жол тартады



NASA-ның жаңалығы – Робот-ит Қызыл ғаламшарға жіберілуі мүмкін. Ол жасанды интеллектке ие және адамның көмегіне мұқтаж емес көрінеді. Инженерлердің сөзіне сүйенсек, механикалық жануар ең қиын деген жерлерді зерттей алады. Оған адамдар үшін қауіпті жағдайларда жұмыс істеу оңай. Өзірге робот-ит Калифорнияның солтүстігіндегі Лава Филдс ұлттық саябағындағы үңгірлерді зерттеуде. Ол бір сағатта жүздеген метрлік гrottы жүре алады екен. Оның барлық бағыты мониторларда 3D форматында көрсетіледі.

Өсімдіктерден ет жасап шығарды




Испанияда жергілікті компанияның бірі өсімдіктерден ет жасауды ойлап тапты. Вегетариандық тағамды дайындау үшін ол 3D принтерін қолданған. Олар енді жаңа әдісін өндірістік жолға қойып, онымен жергілікті мейрамханаларды қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Ал жаңа еттің дәмін татқан тұтынушылар оның табиғи еттен еш айырмашылығы жоқ екенін айтқан. Түсі де, дәмі де кәдімгі етпен бірдей екен.

Арықтау құрылғысын ұсынды



Жаңа Зеландия ғалымдары арықтау құрылғысын жасап шығарды. Ол тістерге арнайы болттармен бекітіліп, иекті бітеп тастайды. Осылайша арықтағысы келетін адам тек жұмсақ тағамдарды пайдаланып, аз мөлшерде жейді. Құрылғы тыныс алуға және сөйлесуге кедергі келтірмейді. Аппарат кәзірдің өзінде сыналып үлгерген.

Ерекше бетперде



Америкалық өнертапқыштар ерекше бетперде ойлап тапты. Оның көмегімен бетпердені таққан адамның коронавирус жұқтырғанын анықтауға болады. Кішкене датчигі бар бетпердені таққаннан кейін 1,5 сағаттан кейін нәтиже көрсетіледі. Оны зертханалық халаттарға және басқа да киімдерге тігуге болады. Мұндай типтегі датчиктер бірнеше жыл бұрын дами бастаған. Олар бұған дейін Эбола және Зика вирустық инфекцияларын анықтау үшін қолданылған.

**Бетті әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.**

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 8 шілдедегі №3/351-601 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5) тармақшасының, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2021 жылғы 25 мамырдағы қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласының Бас жоспарын жүзеге асыру үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру үшін), «ASK Development» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, Алматы қаласы, Алатау ауданындағы, «Дарабоз» шағынауданы, 31 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы – 1,1531 га (кадастрлық нөмірі 20-321-051-653) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Б.САҒЫНТАЕВ
------------------------	-------------

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 8 шілдедегі №3/351-602 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 17 наурыздағы №1/1-281 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 17 наурыздағы №1/1-281 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 2 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«				
2	Дускалиева Назгул Канатовна, Парманбек Муслим Миятбекулы	20-322-010-013	«Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 80	0,0945
»;				

реттік нөмірі 5 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«				
5	Андреев Сергей Александрович, Андреев Вячеслав Александрович	20-322-010-059	«Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 10	0,1140
»;				

реттік нөмірі 9 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«				
9	Чернышева Наталья Эдуардовна	20-322-010-074	«Химик» бағбандық серіктестігі, 31	0,0735
»;				

реттік нөмірі 18 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«				
18	Агеева Елена Васильевна	20-322-010-1009	«Химик» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 52	0,0804
»;				

реттік нөмірі 26 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«				
26	Ақбасова Акмарал Абылқаировна	20-322-010-148	«Химик» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 30	0,0800
»;				

реттік нөмірі 31 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«				
31	Васнев Вячеслав Дмитриевич	20-322-010-148	«Химик» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 30	0,0800
»;				

реттік нөмірі 47 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«				
47	Гайворонский Игорь Алексеевич	20-322-010-329	«Химик» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 14	0,0747
»;				

реттік нөмірі 65 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«				
65	Хлевова Валентина Михайловна	20-322-010-696	«Ракета» бағбандық серіктестігі» тұтыну кооперативі, 83	0,0879
».				

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Б.САҒЫНТАЕВ
------------------------	-------------



Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 8 шілдедегі №3/351-603 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі №2/205-358 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі №2/205-358 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірі 2 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«				
1	Елубаева Гульжан Аманжоловна	Экспериментальная база көшесі, 2 А	20-313-011-638	1,3762
».				

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Б.САҒЫНТАЕВ
------------------------	-------------

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 8 шілдедегі №3/351-604 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 тамыздағы №3/440-2514 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 тамыздағы №3/440-2514 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына, келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірі 26 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«				
26	Сайдуллаева Шехербан Ахметовна	20-321-051-771	«Ақбұлақ» шағынауданы, Томанов көшесі, 18	жалпы -0,1000 үлесі-0,0400
».				

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Б.САҒЫНТАЕВ
------------------------	-------------

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 8 шілдедегі №3/351-605 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі №2/205-359 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі №2/205-359 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірлері 1, 2 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

«				
1	Бағашаров Ержан Телманович Мураталиева Айзира Дуйсебаевна	Төле би көшесінің оңтүстігі, Масаншы көшесінің батысы	20-311-009-112	0,2000
2	Нурмаганбетова Сауле Бектургановна	Желтоқсан көшесі, 133 А	20-311-017-073	0,0987
»;				

реттік нөмірлері 7, 8 жолдары келесі редакцияда мазмұндалсын:

«				
7	Джантелиев Дастан Темиралиевич Есполова Актоты Тлектесовна	Қазыбек би көшесі, 26 учаске	20-315-011-123	0,1578
8	«Арбат бизнес орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жібек жолы даңғылы, 67 А учаске	20-315-058-073	0,0012
».				

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Б.САҒЫНТАЕВ
------------------------	-------------

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 8 шілдедегі №3/351-606 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 9 желтоқсандағы №4/562-2740 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 9 желтоқсандағы №4/562-2740 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірі 20 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«				
20	«Артемид ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-321-051-1306	«Ақбұлақ» шағынауданы, Шәріпов көшесі, 206/1 учаске	жалпы - 0,5354 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0067
»;				

реттік нөмірлері 12, 16 жолдары алынып тасталсын.

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі	Б.САҒЫНТАЕВ
------------------------	-------------



2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бес айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 5 айға 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861, 50 теңге, // 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге, // 5 айға – 2202, 50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

Бұлтты электронды цифрлық қолтаңба



Ақтоқын ТҰРЛЫҒАЗЫ

Елімізде осы жылдың соңына дейін бұлтты электронды цифрлық қолтаңбаны енгізу жоспарланып отыр. Жоба eGov платформасында іске асады. Бұл туралы онлайн-брифингте «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының өкілдері мәлімдеді. Олардың айтуынша, жаңа қызмет ЭЦҚ алу процесін айтарлықтай жеңілдетуге және оны жоғалтпауға мүмкіндік береді.

«Өткен жылдың күзінен бастап mGov мобильді қосымшасында биометриялық деректер

арқылы авторизация мен тіркеуді іске қостық. Бұлтты ЭЦҚ осы биометриялық деректер бойынша болады. Жүйенің өзі файлдық болмайды. ЭЦҚ қашықтағы серверлерде сақталады және биометриялық сәйкестендіру арқылы алынады», – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» басқарма төрағасының бірінші орынбасары Сүйеніш Әбділдин. Қазіргі таңда ЭЦҚ алу Халыққа қызмет көрсету орталықтарындағы ең жиі сұралатын қызметтердің бірі. Былтырдың өзінде 5 миллионға жуық қазақстандық электронды цифрлық қолтаңба алуға өтініш берген. Бұл қызметке сұраныс барлық өтініштердің 30 пайызын құрайды.

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ...

Сатыбалды Нарымбетов


Белгілі кинорежиссер Сатыбалды Нарымбетов өмірден озды. Ол 1946 жылы 7 наурызда Түркістан облысы, Түркістан ауданы, Ащысай ауылында туған. Мәскеу қаласындағы мемлекеттік кинематография институтын бітірген. 1984 жылы жоғары режиссерлік курсты (Г.Н.Данелияның шеберханасы бойынша) бітірген. 1969 жылдан «Қазақфильм» студиясында сценарийші әрі кинорежиссер ретінде қызмет етті. 1970 жылдан – «Қазақфильм» киностудиясының кинорежиссері болды. Ал 2005 жылдан бері Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ «Дебют» бірлестігінің жетекшісі болған еді.

Сатыбалды Нарымбетов «Құрманғазы» атты деректі фильмін (1972 жылы), «Зауал» (1981 жылы), «Күзгі бұралаң жол» (1984 жылы) қысқа метражды фильмі, «Ұрын келген күйеу» (1987 жылы), «Созақтан шыққан Гамлет» (1990 жылы), «Көзімнің қарасы», «Жас аккордеоншының өмірбаяны» (1994 жылы), «Омпа» (1998 жылы) және тағы басқа көркем фильмдерге режиссерлік еткен.

Марқұмның қайтыс болуына байланысты ҚР Президенті Қ.Тоқаев кинорежиссердің отбасына көңіл айтты.

Ағамыздың иманы саламат, жаны жәннатта болсын!

«Alatau Aqparat» ЖШС ұжымы.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!



«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 292-74-21; 8 (727) 292-74-62.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:

8 (727) 292-74-21; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Асқар ҚҰБАЙЖАНОВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛІМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС Алматы қаласы Энерготімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасының 2021 жылғы 29 маусымдағы №08-07/184 бұйрығы негізінде үйге ортақ жылууды есептейтін аспаптармен жабдыкталмаған көппәтерлі тұрғын үйлерде тұратын тұрмыстық тұтынушылармен жылыту үшін есеп айырысу есептік айдағы сыртқы ауа температурасын ескере отырып нормалар бойынша жүргізілетінін хабарлайды.

Алматы қаласының тұрғын үй қорын жылытуға арналған жылу энергиясы шығындарының Нормалары

Көрсеткіштер Жылытуға жылу энергиясын тұтыну нормасы	Өлшем бірлігі	Айлар								Жылыту кезеңі үшін орташа
		Қазан	Қараша	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір		
	Тн.в. – 0С	8	2,6	-2,9	-5,3	-3,6	2,9	8		-0,5
	Гкал/м2	0,00517	0,02387	0,03246	0,03587	0,03022	0,02424	0,00117		0,153



НЕ СЕБЕПТІ ВАКЦИНА САЛДЫРУ ҚАЖЕТ?



KAZINFORM CORONA VIRUS2020.KZ

© «Қазақпарат» халықаралық ақпарат агенттігі, 2021 жыл

ВАКЦИНАЦИЯДАН КЕЙІН НЕ ІСТЕУ ҚАЖЕТ? ВАКЦИНАЦИЯДАН КЕЙІН ҮШ КҮН ІШІНДЕ:



© «ҚАЗАҚПАРАТ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ 2021 ЖЫЛ WWW.KAZINFORM.KZ МЕЖДУНАРОДНОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ АГЕНТСТВО «КАЗИНФОРМ» 2021 ГОД. © Дин Савитов Ж.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



Жамбылдың бейнесі

Ә.Қастеев атындағы өнер музейі Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған «Бақыт туралы жыр» атты мерейтойлық көрмесін ұсынады.

Көрмеге Ә.Қастеев атындағы өнер музейі қорынан алынған 30-дан астам кескіндемелік, графикалық және мүсіндік туындылар қойылған. Көрмеде Жамбыл бейнесін жазған кылқалам шеберлерінің туындылары мен оның өмірінің кең танылған соңғы он жылы көбірек қамтылған. Қазақстанның мүсін өнерінің негізін қалаушы Х.Наурызбаев өз шығармашылығында Жамбылдың балалық шағынан бастап, қартайған күніне дейінгі аралықтағы бүкіл өмірін қамтыған ерекше оннан астам туындысын жарыққа шығарды. Аталмыш көрмеде Х.Наурызбаевтың «Жас Жамбылдың бас бейнесі» (1950) мен қария «Жамбылдың портреті» (1966) туындылары бар. Сонымен қатар, мүсіншінің қоладан жасалған «Жас Жамбыл» (1958) атты туындысы Ә.Қастеев музейінің тұрақты экспозициясында орналасқан. Бұл жұмысында жалаң аяқ дала кезіп, домбырасына қосылып ән салып келе жатқан бала ақынды тұтас тұлғасымен көрсеткен. Көрме шілде айының 16-сына дейін жалғасады.

«Душа» мультфильмі қазақ тілінде сөйледі



Disney/Pixar студиясының «Душа» анимациялық фильмі қазақ тіліне аударылды. Бұл – «Болашақ» қоры

мен «Nur Otan» партиясының бастамасымен «Өзіңнен баста» жобасы аясында қазақ тіліне дубляждалған 36-шы кинокартина.

Басты кейіпкер Джо Гарднерді талантты актер Дәурен Серғазин дыбыстады. Сонымен қатар, дубляжға Данияр Сванқұлов, Меруерт Ермекбаева, сондай-ақ театр және кино актрисасы Майра Омар қатысты. «Өмір ғажайып» титрлік әнін Mona Songz деген атпен танымал қазақстандық орындаушы Манарбек Жұматай орындады. Айта кету керек, Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Елбасының тікелей қолдауымен қолға алынған «Өзіңнен баста» жобасын жүзеге асыру барысында «Мұзды өлке-2», «Кек алушылар: Ультрон дәуірі», «Батыл жүрек», «Коко құпиясы», «Моана», «Малефисента», «Аладин» және тағы басқа картиналар қазақ тіліне дубляждалған болатын.

Қазақ тілі түрік тілінен кейінгі дубляждағы екінші түркі тілі және Walt Disney компаниясының тарихындағы 39-шы тіл болды. Бұл анимациялық фильмді жақын арада интернеттен көруге болады.

Тыныштық кеңістігі



Алматыда қазақстандық жас суретші Гүлнұр Мұқажанованың жеке көрмесі ашылды.

Жалпы, автордың «Тыныштық кеңістігі» деп аталатын көрмеге 14 жұмысы ұсынылған. Оның ішінде киізден жасалған бірегей туынды «Пост-номадтық шындық» картиналар топтамасы да бар. Суретші көшпенділердің дәстүрлі кілемдерінен шабыт алған. Ұйымдастырушылардың айтуынша, автор көрмеге бір жылдан астам уақыт дайындалған. Пост-номадтық шындық» деп аталатын киізден жасалған картиналар топтамасындағы туындыларда меринос жүні мен жібек араласқан. Барлық жұмыстарда қолданылған киіздерді Гүлнұр Берлиндегі шеберханасында өзі дайындап шығарады.

Көрмені әл-Фараби даңғылы, 140А/3 мекенжайынан сағ. 11.00 – 19.00 аралығында тамашалай аласыздар.

Домбыра мәңгілік жырлайды



«Қорқыт» этно-ансамблі Ұлттық домбыра күніне орай бірегей бейнежазба ұсынды.

Шолпан Қорғанбек басқарған ұжым Шөмішбай Сариевтің «Домбыра туралы балладасы» сөзіне жазылған Кеңес Дүйсекевтің танымал әнінің кавер-нұсқасын қазақстандықтар назарына ұсынды. Театрландырылған бейнеролик қазақ музыка мәдениетінің басты символы, ең ұлы аспабы – домбыраның маңыздылығы туралы қызықты сюжет желісін қамтиды. Ұсынылған нұсқада Арслан Сұлтанбеков әнінің әуезді тақырыптары мен Мөлдір Әуелбекова орындауындағы аттас әннің өңделген нұсқасы қолданылды.

Бейнебаянды мына сілтеме бойынша көре аласыздар: https://aitube.kz/video?id=52cd97df-2e37-472a-bc30-5e3144ce9e76&from=embed_video

Ашық аспан астында

Ашық аспан астында, салқын ауада тыныға отырып, спорт тарихындағы ең танымал боксшы туралы өмірбаяндық драманы тағы бір рет көруге ерекше мүмкіндік туып тұр.

Фильмде бүкіл әлемге Мұхаммед Али деген атпен танымал болған Кассиус Клейдің рөлін Уилл Смит ойнады. Ұлы африкалық-американдық спортшының өмірбаянында Алидің боксқа арналған өмірі туралы ғана емес, сонымен бірге оның жеке кеңістігі, белгілі қоғамдық-саяси қызметі туралы айтылады. Спортпен қатар, қиын азаматтық-саяси жағдайда, адамдардың дүниетанымын өзгерткен қиыншылықтар кезінде Мұхаммед өзінің отандастарының, саяси жүйеден қысым көрген қарапайым адамдардың құқықтары үшін күрескені туралы фильмді көрмей қалмаңыз.

Фильмді 11 шілде күні, сағат 21.00-де Тимирязев, 42/17 мекенжайынан тамашалауға болады. Кіру тегін.

Әзірлеген Айым НҰРМАН.

